

Х.А. Айтқұл^{1*}, Г.Р. Мухтарова²

¹«Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, Алматы қ., Қазақстан

²«Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, Есік қ., Қазақстан

*e-mail: khamit.boray@mail.ru

ШАРЫН ӨЗЕНІНІҢ ОРТА АҒЫСЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕР

Белгілі бір аймақ алғаш рет кешенді түрде зерттеліп, тарихи өткенді толық қалпына келтіруге үлкен мүмкіндік беріп отыр. Мақалада бүгінгі күні белгілі Сарытоғай қорымындағы элиталы обалар бірыңғай өлшемдер бойынша талданады.

Ерте көшпелі тайпалардың мекендеген уақыты құрлық халықтарының тарихындағы маңызды кезең болып табылады. Бұл – көшпелі мәдениеттің қалыптасуы, жаңа әлеуметтік-экономикалық қатынастардың орнығуы, діни-мифологиялық түсініктердің өзгеру кезеңі. Осы кезеңде Еуразияның далалары, жартылай шөлдері мен тау бөктерлерінде ұзақ уақытқа созылған тарихи кезеңнің сипатын айқындаған елеулі өзгерістер орын алды. Ерте көшпелілердің мәдениетін зерттеу арқылы этнографиялық қазіргі заманға дейінгі көшпелі мәдениеттің өзгерісін қадағалауға мүмкіндік бар. Сондықтан, көшпеліліктің қалыптасу дәуірін және қуатты протомемлекеттік құрылымдардың пайда болуын зерттеу, әсіресе Жетісу өңірінде, аса маңызды және болашағы зор.

Осыған байланысты, соңғы уақытта этникалық және этномәдени процестердің барша алуан түрлілігін ұғынуда аймақтық зерттеулер ерекше рөлге ие болып отыр. Жекелеген тарихи-географиялық аймақтарды халқының ерекшеліктерімен бірге зерттеу қолданыстағы түсініктерді едәуір тереңдетіп, нақты бір этностың табиғатын ұғыну үшін маңызды қосымша дәлелдер береді. Жеке микроаймақтарды зерттеудің болашағы соңғы жылдары көптеген ғалымдар тарапынан қолдау тауып отыр. Бұл, ең алдымен, әрбір микроаймақтың өзіне тән хронологиялық шкалаларын құру мүмкіндігімен байланысты, оларды өзара салыстыру арқылы ежелгі қоғамның әлеуметтік-мәдени даму динамикасының кең бейнесін және Жетісудың ерте көшпелілер қоғамының субэлиталық әлеуметтік тобының мәдени дәстүрлерінің қалыптасуы мен дамуының ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік туады. Осы тұрғыда аймақтық кешенді зерттеу өте орынды деп ойлаймыз, себебі Жетісу – ерте тайпалық одақтардың қалыптасуы мен қызмет еткен, бай этносаяси тарихы бар, қазақ мемлекеттілігі мен халықтығының қалыптасқан жері, табиғи-географиялық және мәдени-генетикалық ерекшеліктермен айқындалған, өзіндік дәстүрлі мәдениеті бар ерекше аймақ.

Түйін сөздер: Шарын, Сарытоғай, қазба, оба, қорым, қоныс, қабір шұқыры, үйінді, тас, ағаш, бөрене, ерте темір ғасыры.

Kh.A. Aitkyl^{1*}, G.R. Mukhtarova²

¹State Historical and Cultural Reserve-Museum "Issyk", Almaty, Kazakhstan

² State Historical and Cultural Reserve-Museum "Issyk", Issyk, Kazakhstan

*e-mail: khamit.boray@mail.ru

Archaeological sites of the middle reaches of the Sharyn River

For the first time, a certain region is studied in a complex, which provides a huge opportunity for a full reconstruction of the historical past. The article offers an analysis of the elite burial mounds of the Sarytogay tract known to date according to uniform criteria. The time period of habitation of the tribes of early nomads is important in the history of the peoples of the continent. This is the period of the formation of nomadic culture, the development of new socio-economic relations, and changes in religious and mythological ideas. This is a time of epochal changes in the territory of the steppes, semi-deserts and foothills of Eurasia, which determined the nature of a long historical period. It is the study of the culture of early nomads that makes it possible to trace the transformation of nomadic culture to ethnographic modernity. Therefore, the study of the era of the formation of nomadism and the emergence of powerful proto-state formations is the most promising, especially in Zhetysu.

In this regard, regional studies have recently acquired a special role in understanding the diversity of ethnic and ethnocultural processes. The study of a single historical and geographical region with its population can significantly deepen existing ideas and provide important additional arguments for un-

chronological scales of individual microdistricts, the comparison of which, in turn, will allow us to obtain a broader picture of the socio-cultural dynamics of the development of ancient society and the features of the formation and development of cultural traditions of the sub-elite social group of the early nomads of Zhetysu. In this context, interest in the region we have chosen and in the comprehensive study is fully justified, given the cultural and historical significance of Zhetysu as a region in which the formation and functioning of early tribal unions took place, the rich history of ethnopolitical proto-states, the emergence and formation of the Kazakh statehood and nationality, the formation of an original traditional culture, conditioned by the uniqueness of natural and geographical conditions and cultural and genetic processes requiring comprehensive understanding.

Key words: Sharyn, Sarytogay, excavation, burial mound, burial ground, settlement, burial pit, embankment, stone, tree, log, early Iron Age.

Х.А. Айтқұл^{1*}, Г.Р. Мухтарова²

¹Государственный историко-культурный музей-заповедник «Есік», г. Алматы, Казахстан

²Государственный историко-культурный музей-заповедник «Есік», г. Иссык, Казахстан

*e-mail: khamit.boray@mail.ru

Археологические памятники среднего течения р. Шарын

Впервые определенный регион изучается в комплексе, что предоставляет огромную возможность для полноценной реконструкции исторического прошлого. В статье предлагается анализ известных на сегодняшний день элитарных курганов урочища Сарытогай по единым критериям.

Временной отрезок обитания племен ранних кочевников является важным в истории народов континента. Это период формирования кочевой культуры, складывания новых социально-экономических отношений, изменения религиозно-мифологических представлений. Это время эпохальных перемен на территории степей, полупустынь и предгорных районов Евразии, определивших характер продолжительного исторического периода. Именно изучение культуры ранних кочевников дает возможность проследить трансформацию кочевой культуры до этнографической современности. Поэтому исследование эпохи становления кочевничества и возникновения мощных протогосударственных образований является наиболее перспективным, особенно в Жетысу.

В связи с этим, в последнее время в осмыслении всего многообразия этнических и этнокультурных процессов особую роль приобретают региональные исследования. Изучение отдельно взятой историко-географической области с ее населением может значительно углубить существующие представления и дать важные дополнительные аргументы для понимания природы конкретного этноса. Перспективность исследования отдельных микрорайонов в последнее время подтверждается многими учеными. Прежде всего, это связано с возможностью построения хронологических шкал отдельных микрорайонов, сопоставление которых, в свою очередь позволит получить более широкую картину социокультурной динамики развития древнего общества и особенностей становления и развития культурных традиций субэлитарной социальной группы общества ранних кочевников Жетысу. В данном контексте интерес к выбранной нами региону и комплексному исследованию вполне обоснован, учитывая, культурно-историческое значение Жетысу как региона в котором происходило формирование и функционирование ранних племенных союзов, богатейшую историю этнополитических протогосударств, зарождение и становление собственно казахской государственности и народности, сложение оригинальной традиционно-бытовой культуры, обусловленной своеобразием естественно-географических условий и культурно-генетических процессов требующих всестороннего осмысления.

Ключевые слова: Шарын, Сарытогай, раскоп, курган, могильник, поселение, могильная яма, насыпь, камень, дерево, бревно, ранний железный век.

Кіріспе

Сарытоғай шатқалының ежелгі көшпелілерінің ескерткіштерін зерттеу жұмыстары ХХ ғасырдың басынан басталды десек болады.

Жетісу сақтарының әлеуметтік құрылымы қазіргі уақытта ғылыми әдебиеттерде күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Әлі күнге дейін бұл мәселе толықтай зерттелмеген, бар материалдық және кейін табылған жаңа ғылы-

ми деректерді қамтитын кешенді зерттеулер жүргізілмеген. Бұл зерттеулер Жетісу өңірінің синхронды және біртектес ескерткіштерінің қанықтылығына қатысты қазақстандық археология ғылымының негізгі сұрақтарының бірін шешуге жақындатар еді. Осы мәдени қауымдастық қалыптастырған қоғамдық формация әлеуметтік топтардың болуы арқылы сипатталады, олардың әрқайсысы мәртебесімен, материалдық әл-ауқатымен және, мүмкін, шыққан

тегімен ерекшеленеді. Шарын, Сарытоғай және Темірлік қорымдарында көрініс тапқан жерлеу-еске алу рәсімдерін зерттеу әлеуметтік топты анықтайтын сипаттамалық белгілерді анықтауға мүмкіндік береді. Бұл мәселе республикамыздың аумағындағы алғашқы мемлекет қалыптасуының мәселесін шешудегі басты бағыт болып табылады.

Осы мәселелерді шешуге байланысты аталмыш өңірдегі Шарын өзенінің орта ағысында орналасқан археологиялық ескерткіштерге ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігі туындады. Жүргізілген зерттеу жұмыстары барысында белгіленген ауданда ерте темір дәуірінің жерлеу-еске алу (оба, қорымдар), отырықшылық (қоныстар) және суландыру (ежелгі далалық су жүйелері) ескерткіштерінің кең көлемдегі шоғырлануы тіркелді.

Зерттеу әдістері

Оба секілді ескерткіштерді зерттеуде археология саласындағы дәстүрлі әдістер қолданылды. Обалардың үйінділерін зерттеу кезінде үйіндідегі барлық мәдени құрылымдарды (қабір шұқыры, мәдени қабаттар, бірге жерлеу заттары және т.б.), үйіндінің құрылым-құрылыстарының ерекшеліктерін, жерленген топырақ деңгейін, үйіндінің ішінде, оның астында немесе айналасындағы үйіндіні бекітетін тұғыр тастар немесе оба кеңістігіндегі құрылыстардың болуы анықталды.

Қазылған обалардың жоспарларында жерлеу ғана емес, барлық қабаттар мен нысандар құжатталады. Толық немесе ішінара тоналған жерлеу орындарын қазу кезінде графикалық құжаттамада барлық табылған заттардың, соның ішінде араласып кеткендердің орналасқан жері мен тереңдігі толық сипатталды, себебі бұл мәліметтер бастапқы жерлеу кешенін алғашқы бейнесін қайта қалпына келтіру үшін өте маңызды болып табылады.

Негізгі бөлім

Жетісу – ежелден көптеген тайпалар мен халықтардың тағдырлары тоғысқан, шаруашылықтың алуан түрі (жартылай көшпелі және көшпелі мал шаруашылығы, егіншілік, қолөнер) қатар өмір сүрген, Орталық Азияның, Сібір мен Қиыр Шығыс қойнауынан – дала арқылы – Орталық Азия мен Таяу Шығыс елдеріне керуен жолдары өткен бірегей тарихи-мәдени аймақ (Акишев, 1963:9-22).

Аймақта әртүрлі тілдерде сөйлеп, көптеген діни конфессиялар өркендеді. Іле Алатауы жоталары мен тау етегіндегі «мәдени белдеу» этносаралық байланыс пен интеграцияның бағыттарын айқындап берді.

Сарытоғай археологиялық ескерткіші Алматы облысы, Шонжы аудан орталығынан 16-17 шақырым батыста Сарытоғай шатқалын екіге бөліп жатқан Шарын өзенінің шығыс және батыс жағалауларында орналасқан. Сарытоғай шатқалы Көртоғай (қалың тоғай) каньондары қысаңынан басталып Шарын өзенінің алқабын көктей өтіп, Іле өзенінің дариясына атырауланып құятын тұсына дейін созылып жатыр.

Каньонның сол жағының ең жоғарғы төртінші жайылма жиегі бойымен 30 шақырым бойына ішінде патша обалары да бар ерте көшпелілердің қорымдар жүйесі созылып жатыр. Олардың саны бірнеше жүз, тіпті мыңға дейін жетуі мүмкін. Шамасы бұл оңтүстік-шығыс Жетісудағы ең үлкен қорым болса керек.

Сарытоғай ескерткішін зерттеудің қысқаша тарихының өз кезеңдері бар. XX ғасырдың 50-жылдары Сарытоғай шатқалында сақ-үйсін ескерткіштеріне Е.И. Агеева қазба жұмыстарын жүргізді. Бұл археологиялық жұмыстардың нәтижелері бойынша Жетісуды мекендеген сақ-үйсін тайпалары әдеттегідей қиыршық топырақ шұңқырларымен ағаш бөренелерімен жабылған шұңқырларды пайдаланғаны анықталды (Агеева, 1961:21-40).

1964 жылы Шонжы ауылының маңында Сарыбұлақ және Қаратұма қорымдарына (ҚазақКСР ҒА ТАЭИ ЖАЭ) қазба жұмыстарын жүргізді. Осы жұмыстардың нәтижесінде б.з.д. IV-I ғғ. мерзімделетін қызықты археологиялық кешен (ерекше қыш ыдыстар, қару-жарақ, «аң стилінде» орындалған зергерлік бұйымдар, қабірдегі жерлеу ғұрпы) табылды. Зерттелген қорымдар Жетісу сақ-үйсін кешендерінен анағұрлым бөлек болғандықтан К.Ақышевтың (ауызша) айтуы бойынша Іле өзенінің алқабынан Сай халқын ығыстырып шығарып өздері сонда б.з.д. IV ғасырларда көшіп-қонып жүрген юэчжи тайпаларының мәдениетіне тән деген болжам айтқан. Қорым материалдары әлі күнге дейін жарияланбаған. Архив материалдары «Есік» музей-қорығының ғылыми-көмекші қорында сақтаулы тұр.

1991-92 жылдары Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі мен Ұлттық ғылым академиясының тапсырмасына орай, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты мен «Қазжобалауреставрация» институтының күш-жігерінің

арқасында К. Ақышевтің жетекшілігімен Жетісу археологиялық-мәдени экспедициясы (ЖАМЭ) ұйымдастырылып Сарытоғай шатқалындағы қорымдар мен қоныс орнын зерттеді (Ерофеева, 2017:45). Аталмыш объектіні таңдауда ландшафтық ерекшеліктер, әсіресе Шарын өзенінің өзіндік гидрографиясы, өзіне тән климаттық жағдайы, Шарын өзенінің Іле дариясының ірі саласының бірі болуы, оның алқабының Орталық және Ішкі Тянь-Шаньға (Алатау), әрі қарай шығыс Түркістанға өтуге ыңғайлы екендігі басты рөл атқарды. Сарытоғай бұл тек қана бірегей табиғи резерват емес, сонымен қатар, түпкілікті зерттеу мен қорғауды қажет ететін өзіндік ерекшелігі бар археологиялық ескерткіш.

ЖАМЭ-ң зерттеу материалдары әлі жарияланған жоқ. Қазіргі уақытта Шарын мелмекеттік ұлттық паркінің аумағына жататын Сарытоғай шатқалында 1992 жылдан кейін археологиялық жұмыстар жүргізілген жоқ, ҚР МОМ басқа (2008-2009 жж.).

2006 жылы ҚР БҒМ Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының ғылыми қызметкері А.А. Горячевтің жетекшілігімен «Алматы облысының тарих және мәдениет ескерткіштері жинағын баспаға дайындау» атты жоба бойынша жоспарлы тапсырманы орындауға байланысты Алматы облысы Ұйғыр ауданы аумағындағы тарихи-мәдени мұра нысандарының археология ескерткіштерін анықтау жұмыстары атқарылды. Анықталған ескерткіштердің негізгі бөлігін ерте темір ғасырының обалары құраса олардың кейбіреуі жекелей, кейбіреуі топтық (бірнеше ондаған) қорымдар құрамында кездесті. Мұндай ескерткіштер Темірлік өзенінің оң жақ жағалауынан, Кетпен тауының солтүстік етектеріне орналасқан Шошанай, Сүмбе, Кіші Ақсу, Ақтам ауылдары маңынан көптеп кездесті. Алайда, осы уақытқа тән анағұрлым ірі ескерткіштер Үлкен Бұғыты тауының солтүстік баурайында, Шарын Ұлттық паркінің аумағындағы Шарын өзенінің алқабында топтасқан болып шықты (Есеп, 2006:5-7).

2013 жылы «Есік» музей-қорығының қызметкерлері кәсіпорынның қаржыландыруымен Шарын өзенінің маңайы мен Торайғыр тауының баурайында барлау-іздірету жұмыстарын жүргізді. Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде Сартоғай қонысының аумағынан тас кетпен, түйгіштер, дән үккіштер, қыш сынықтары сынды қазбадан тыс материалдары табылды.

Осылайша, Сарытоғайдың анағұрлым нақты мерзімделуі б.з.д. IV-I ғғ. Онда да осы мерзімнің екінші жартысы деп шамалауға болады. Есептік

құжаттар «Есік» музей-қорығының ғылыми-көмекші қорында сақталып тұр (Есеп, 2013:54-58).

Ландшафт және топография. Шарын өзені алқабының шаруашылық және мәдени тұрғыда игерілуі, болжалған, белгіленген археологиялық ескерткіштердің сипаты мен орналасуы оның ландшафтымен байланысты. Қазіргі уақытта Шарын өзені өзінің жоғарғы ағысында Шөлкөдесу, орта ағысында Кеген деп аталса, тек Жалаңаш жазығының маңында ғана Шарын атауын алады (Жандабиев, 1978:75). Белгілі ғалым-этнограф, географ, саяхатшы, фольклортанушы және ағартушы-демократ Ш.Ш. Уәлиханов Шарын өзенінің бастауы Хантөңірі етегіндегі Құяртұрық шатқалынан басталатын Шоң Қарқара өзені деп санаған (Валиханов, 1986:24).

Алайда, бұл ойды қазіргі орогидрографиялық зерттеулер құптамайды. Әрі, Шарын өзенінің үлкен сағасы – Қарқара бастауын мұздықтардан алатын жалғыз өзен. Жалпы алғанда Шарын атмосфералық жауын-шашынмен толығын өзен. Оның Темірлік, Үш Меркі сынды шағын салалары бұлақ суларымен толығып отырады.

Шарынның қазақтар қойған атаулары өзеннің бірегей сипатын көрсетеді. Ол өзінің ұзын ағысы (255 шақырым, су жинау алаңы 8000 шақырым) бойынша күрт өзгертін ландшафттар мен климаттық аумақтарға ие.

Шарынның бастауы Кеген өзені «Кегеннің кең сазы» атты сортаң жерден ирелеңдей, Кеген ойпатындағы биік таулы аймақтан (теңіз деңгейінен 1500 м. биіктікте) сол жағында Құсмұрын тауы мен Сарыжаз алқабын ала отырып Көмірші, Қурайлы, Шыбжыңбұлақ өзендерін ала өтеді. Оңтүстіктен Қарқара өзені Кеген өзеніне құятын, оңтүстіктен Шарынға Үш Меркі өзені тоқайласатын тұсындағы алқаптың екі жағында Құлық тауы мен Күңгей Алатау жоталары бар. Өзен, осы тұста Н.А. Северцевті таң қалдырған кейіпке еніп гранит жартастарды тіліп өтіп жіңішке арнамен жөңкіле ағады (Северцев, 1947:136-138).

Кеңсу тұсынан бастап өзен Құлық тауының солтүстік баурайындағы үш өзеннің (Жоғары немесе үшінші, орта немесе екінші, төменгі немесе бірінші Меркі) атымен аталатын Үш Меркі алқабын ендік бойымен тіліп ағып келіп терең каньондар арқылы Шарын өзеніне құяды. Осынау үшінші мен бірінші Меркі аралығындағы, Жалаңаш (Ағанас) жазығына жақын тұсты халық кейде жаңылысып Ақтоғай деп атайды. Ш. Уәлиханов шамасы нақты ақпарат алғандықтан болса керек, осы тұсты Тиектас деп атапты (ілгекті тас немесе домбыра тиегіне ұқсаған тас).

Шын мәнінде бұл каньонның ең қысаң да тар тұсы, өзен осы тұста өте берік граниттерді жарып, жартастар арасынан ағады. Жан-жағын жартастар қысқан өзен Жалаңаш жазығына қарай күлдилай, екпінмен ағады. Тиектас аңғарынан өткенше Шарын ақкөбіктеніп жартастар мен шыршалардың арасынан тулай ағып жатады. Өзен күшін жинақтай отырып Жалаңаш жазығының шығыс бөлігіндегі көл шөгінділеріне соғылғанда және Құлық тауы тұсынан солтүстікке бұрылғанда әлдебір алыптың қылышымен плиоцендік қабатты тіліп өткендей алып каньондар арқылы Жетісудың терең түкпіріне құлдай жөнеледі. Міне, осы тұстан бастап, ол Ақтоғай деп аталады.

Кеген сазындағы жолдан, өзен 800 метрден астам биіктігін жоғалтып ылғалды субальпілік шалғындар арасынан ағып өтетін баяу өзеннен буырқанған, ағысы жылдам өзенге айналды. Мериандық бағытта ол құрғақ климаты бар орта таулы аймақты кесіп өтеді. Кеген өзенінің аңғарында ескі қазақ қыстақтары бірінші белдеудің тұсында, шағын ағыстардың жағасындағы таулы шатқалдардың сағаларында, кейде жоғарғы плейстоцендік конустарының және тау бөктеріндегі шлейфтердің шеттерінде орналасқан. Үш Меркі шатқалындағы Күңгей Алатаудың көлденең каньондары маңынан қыстаулардың орындары анықталды. Олар мұнда өзеннің жайылма тұсында орналасқан екен. Каньон жартастары өте тік болғандықтан жол ол жердегі жол бұраланды болып келеді. Соған қарамастан Үш Меркі және Қарқара арқылы Сынташ пен Ыстықкөл алқабына, сонымен қатар Текес жазығы арқылы Шығыс Түркістанға оңтүстік жол сорабы өткен.

Мұның себебі, ол кездері Шарынның төменгі ағысында, Торайғыр жотасынан Шарынға түсетін соқпақтан басқа оң жағалауға өтетін ыңғайлы өткелдің болмауынан деп түсінуге болады. Қазіргі уақытта ол тұсқа көпір салынып, Алматы-Нарынқол тасжолы өтіп жатыр. Бұл бөлікті көне Құлжа жолының бөлігі деп ойлайтындар қателеседі. Бұрындары өзеннің бұл өткелі дөңгелекті көліктер үшін тым қауіпті болған. Ол жолмен тек керуендер өткен. Оның өзінде тамызқыркүйек немесе ақпан-наурыз айларындағы су деңгейі төмендеген кезде ғана мүмкін болатын. Шілде-тамыз айларында таситын мұздықтардан басталатын өзендерге қарағанда Шарында мамыр-маусым айларында су деңгейі жоғары болады. Сол себептен де негізгі өткел өзеннің каньондардан шығып, арнасы жайыла түсетін төменгі ағысы тұсында болуы мүмкін. Ш.Уәлихановтың айтуынша жол Темірлік шатқалы арқылы Тұ-

йық асуымен Құсмұрын тауымен немесе Кетпен асуы арқылы Кеген, Қарқара өзендерінің алқабы арқылы келіп түйісетін болған. Шамамен өткел арқылы Кетпен, одан әрі Қытайдың Құлжа қаласына апаратын керуен жолдарының бір бөлігі болған сияқты.

Қазіргі таңда, Шарын өзенінің екі жағалауындағы 5,5 мың га аймақ Шарын ұлттық паркінің «Шарын ерен тоғайы» аумағына кіріп қорғауға алынған. 1964 жылға дейін бұл телім «Шарын орман саяжайы» аумағына тиесілі болса 1964 жылдан бастап табиғи ескерткіш ретінде «Шарын шетен тоғайы» деп аталды. Сонымен қатар, сол кездері Сарытоғайда аттас ауыл орналасқан (қазір жоқ). Оның орнында тұрақты суғарып тұрмағандықтан біртіндеп қурап бара жатқан алма бағы мен «Шарын» орман шаруашылығының бірнеше үй орналасқан жер телімі бар.

Бүгінгі таңда, Шарын Мемлекеттік ұлттық паркі қолданыстағы Заңнамаларға сәйкес республикалық маңыздағы табиғат қорғау және ғылыми мекеме ретінде Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі «Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі» комитетіне бағынысты мекеме болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 23 ақпандағы №213 қаулысы бойынша 93150 га аумақта ерекше экологиялық, тарихи, ғылыми, эстетикалық және рекреациялық құндылыққа ие Алматы облысының бірегей табиғи кешенін сақтау және қалпына келтіру мақсатында Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркі құрылды. ҚР Үкіметінің 2006 жылдың 6 ақпанындағы №121 Қаулысы бойынша парк аумағы кеңейіп, мемлекеттік жер қоры мен қорғаныс қажеттіліктеріне керекті жерлерден 32900 га жер алынып, парктің жалпы аумағы 127050 гектарға жетті. Әкімшілік-шаруашылық тұрғыда парктің қазіргі аумағы Алматы облысының Үйғыр, Еңбекшіқазақ және Кеген аудандарында, Шонжы ауылынан батысқа қарай 7 шақырым және Алматы қаласынан шығысқа қарай 200 шақырым жерде орналасқан.

Парк тоғайы үлкен аллювиалды шөгінділерде жатқан кең жайылманы (немесе екі жайылмалы) қамти отырып өзеннің ескі ағыстарының арналарымен (мұнда аллювий ашық жатыр), сондай-ақ бүгінгі таңдағы ағыстармен қиылысады. Олар аллювиалды малта тастар арқылы су жинай отырып қайтадан Шарын өзеніне құяды немесе өздері бос өзен шөгінділеріне сіңіп кетеді. Жер қыртысының бедеріне – ағынды сары

топырақ пен өзенге жақын маңда шөп жабындысының болмауына қарағанда өзен суы көтерілген кезде жағалау мезгіл-мезгіл шайылып, ағаштар да су ішінде қалып, Шарын жағалаудағы бірінші жайылманы белсенді түрде шайып жағалауды жиі орып отырған сияқты. Бірінші жайылмадағы контурдың көп бөлігінде жаңа су орған орындардан біз ерте темір ғасырына (ЕТҒ) жататын, жайылманың ең шетіндегі, тіпті құлайын деп тұрған бірнеше ірі обаларды анықтадық. Жайылма орларында кезінде әктас күйдіретін пештер, жаңа дәуірге тиесілі ұста пештері де болуы мүмкін. Сарытоғай биоценозі сан қырлы, басым бөлігі соғды шетені (кейбір ағаштарға 300 жыл болған) болып келетін өскіндерден басқа мұнда көк терек, жоңғар сәмбі талы, шығыс клематисы, Іле жидесі, тораңғы, жиде, жабайы өрік, тіпті грек жаңғағы да кездеседі. Шілік ағаштардан шырғанақ, қарақат, жыңғыл, шеңгел, бозқараған, тұран сәмбі талы, шөлейтті бірінші террасада сексеуіл мен жыңғыл өседі (Бессчетнов және б., 1976:205). Бұлақ жағасы мен жағалау маңындағы шөптесін қыртыста қамыс, қоға, жібілген, кербезгүл, бидайық, ши, алабота, қызыл мия және т.б. өседі (Бессонов және б., 1925:63-64).

Тау бөктеріндегі бірінші жайылмадағы тұзды қыртыста сортанды өсімдіктер тамыр жайған. Хайуанаттар әлемінен қабан, елік, арқар, қасқыр, борсық, түлкі, қоян, қамыс мысығы және т.б. кездеседі. Сонымен қатар ХІХ ғасырда Іле бассейнінде және Шарын бойында жолбарыс жайлап, каньон маңайындағы жайылымдарда қарақұйрықтар (олар әлі де кездеседі), құландар мен түрлі құстар өмір сүрген деседі. Тіпті қазірдің өзінде бұл аймақтың жануарлар дүниесі сан алуан боп келеді. Өзенде лобнор ихтиофаунасынан (шармай, көкбас) басқа жерсіндірілген ханбалық, алабұға, сазан және т.б. сирек те болса кездеседі. Ал жәндіктерге келсек, Сарытоғай энтомологтар үшін нағыз жұмақтың өзі.

Сарытоғай атауы мұндағы Шарын өзенінің жағалауын көмкерген өзіндік ерекшелікке ие, ылғал сүйетін шетен (соғдылық, өзен жағалауы, ылғал сүюші, шарындық, сырдариялық, түркістандық) – *Fraxinus rotamorphila* Herd ағашының түсінен келіп шығады. Палеогендік кезеңде (б.з.д. 30 млн. жыл) ол ағаш түрі өзен жағалауында қаптай өссе, қазіргі уақытта Темірлік өзені жағалауында, Батыс Тянь-Шань мен Орта Азияда кездеседі (Байтенов, 1985:75-110; Бессчетнов, Мальцев, 1981:203-205). Сарытоғай – әлемдегі осы ағаш түрінің ірі популяциясы кездесетін орын.

Бүгінгі таңда, әрбір микроаймақтардағы археология ескерткіштерін кешенді зерттеу өте маңызды болып отыр. Бұл тұрғыдан алғанда ерте темір ғасырына тән жерлеу-еске алу, отырықшы-қоныс пен суландыру ескерткіштерінің жаңа түрлерінен тұратын Сарытоғай шатқалының ерте көшпенділерінің кешенді ескерткіштерін зерттеу де аса маңызды.

Қорытынды

Шарынға қайта оралайық, батыста Қулық тауын иіле орай келіп өзен солтүстік-шығыс тұста Жалаңаш ойпатынат құлайтын кезде Торайғыр мен Бұғыты тау жоталарының жанамалап өтеді. Шарын, бұл арада «гаммада» түріндегі тастақты шөлге тап келіп, тереңдігі 300 метрге дейін жететін алып каньондарды құрайды. Тереңдегі су жағасында тоғай мен, шілікті, шалғынды жіңішке өсімдіктер алқабы бар. Ақтоғай атауы қазіргі уақытта біртүрлі қызық көрінетіні де рас. Торайғыр тауының шығыс қырқасында Шарын Көртоғай каньоны арқылы ағады. Бір қарағанда бұл атау (өлі тоғай) қызық көрінеді. Алайда мұнда көп кездесетін, ағыспен келген ағаш діндерін көргенде атауы да осыған орай шықты ма деп ойлаймыз. Бір жағынан бұл атау эрозиялық және дефляциялық жер бедері әсерінен оң жақ жағалау каньондағы әйгілі «эололық қала» (жел әсерінен пайда болған қала) ерекшелігіне байланысты қойылған сияқты. Бұл жер өзінің таңқалаларлық желі және полюциендік шөгінділері арқылы бағаналар, мұнаралар, тау ашаларын құрап, осы арқылы қураған (өлген) орманның кейпін береді (Өлі тоғай).

Көртоғай бөлігінде Шарын өзенінің оң жағынан, оңтүстік-шығыстан оның соңғы саласы Темірлік өзені құяды. Шарын алқабына батыстан Алматы-Шонжы тасжолы өтіп жатқан шөлейтті, ыстық Сөгеті жазығы келіп тіреледі. Осы тұста қысаң Көртоғай каньоны аяқталып, каньонның шұғыл кеңейгенін көреміз. Бұл Сарытоғай шатқалының басталар жері. Шарын көпірінен басталатын сол жағалауда өзеннің эрозиясын тереңдету кезінен қалған жайылманың үстіндегі екі жоғарғы жайылмасының бөліктері айқын көрінеді. Олардан бір немесе екі қатарлы тас шеңбері бар, бірнеше обалар тізбегінен тұратын сақ-үйсін қорымдары анық байқалады. Олардың жанында қауым мүшелерінің де обалары бар.

Аталған Сарытоғай-І обалы қорымында 2024 жылы археолог А.Х. Айтқұл тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін анықтау және құжаттау

(төлқұжат және есептік карточкалар) бойынша жұмыстар барысында бас-аяғы 20 обаға (оның 11 апатық жағдайдағы, яғни жойылып кету алдында) қазба жүргізген болатын.

Сарытоғай-І қорымының батыс тобы солтүстіктен оңтүстікке қарай тізбектеле орналасқан 109 дан аса обалар бар. Қорымның негізін солтүстік-шығыс – оңтүстік-батыс бағыты бойынша орналасқан ірі обалар тізбегі құрайды. Ол қорымнан батыс пен оңтүстікке қарай шағын және орта көлемдегі обалардан тұратын тағы да үш қорым тізбегі байқалады. Оба үйінділері тас және құм аралас топырақтан үйілген, жоғарғы бөлігі тегістелген, кеңістігі шеңберлене төселген бір немесе екі қатарлы таспен қоршалған. Оба үйінділерінің диаметрі 6 метрден 50 метрге дейін, биіктігі 0,3-3 м аралығында. Обалар арасындағы қашықтық 6 метрден 150 метрге дейін. Барлық ірі обалардың ортасында тонаушылардан қалған шұңқыр ізі байқалады. Ірі обалардың етектерін айнала қоршаған шеңберлі тас қоршаулардың диаметрі 30 метрден 70 метрге дейін болып келетінін байқауға болады. Қазіргі таңда Сарытоғай І қорымы, яғни Шарын өзенінің сол жағалауы аумағында батыс топтағы бес обалы жерлеу орны (екі элиталық, үш шағын) және шығыс топтағы он бес обалы жерлеу орны (біреуі элиталық, он төрті шағын апаттық жағдайдығы – үшінші жайылманың жар қабағында оналасқан) зерттелді.

Сарытоғай І қорымы шығыс тобы солтүстік-оңтүстік бағыты бойынша бірнеше тізбекті құрайтын, ішінде 6 ірі обалар болып келетін, 133 обадан тұрады. Оба үйінділері тас және құм аралас топырақтан үйілген, жоғарғы бөлігінде тонаушылардан қалған, тереңдігі 0,20-0,50 см болатын шұңқырлар бар. Ірі және кейбір орташа

обалардың кеңістігі шеңберлене төселген бір немесе екі қатарлы таспен қоршалған. Оба үйінділерінің диаметрі 6 метрден 50 метрге дейін, биіктігі 0,3-3,5 м аралығында. Обалар арасындағы қашықтық 6 метрден 26 метрге дейін.

Зерттелген обалардың басым көпшілігі ертеректе тоналып кеткен. Алайда, зерттеу жұмыстарының барысында обалардың құрылым-құрылысында ағаш бөренелерін кеңінен пайдаланғаны және бірге жерлеу заттарының арасында міндетті түрде уақ немесе ірі қара малдардың құйымшақ сүйектері қойылғаны анықталды (Айтқұл, 2016:94-99). Ірі қара немесе уақ малдардың құйымшақ сүйектерін қабір шұқырына бірге қоюы обалардың өлшеміне қарай жасалып отырған. Сонымен қатар, қабір шұқырында адам қаңқасын бекітуге арналған жіңішке ағаштардың және оны ағаш табыт ретінде пайдаланғанын қарастыруға болады.

Аталмыш ескерткіштерді – оба сипатындағы монументалды құрылыс деп қарастырған жөн болар. Сондай-ақ бұларды алдын-ала жоспарланған жоспар бойынша әртүрлі құрылыс материалдарынан тұрғызылған күрделі сәулет құрылысы деп те айтуға болады. Сарытоғай ескерткішін зерттеу тек бастапқы сатыда. Осы жылғы анықталатын материал, оның аумағында болған тарихи процестерді реконструкциялаудың жалпы шеңберін ғана көрсетті.

Зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің қаржылық қолдауымен жүзеге асырылды, жоба №BR22082505/ПЦФ – «Іле өзенінің сол жақ саласы – Шарын өзенінің орта ағысы Сарытоғай ангарындағы ерте көштелердің мәдени кешені».

Әдебиеттер

Агеева, Е. И. (1961). К вопросу о типах древних погребений Алма-Атинской области. В Новые материалы по археологии и этнографии Казахстана. Труды ИИАЭ (Т. 12, с. 194). Алма-Ата.

Айтқұл, Х. А. (2016). ҚР Мемлекеттік орталық музейінің 2013 жылы ОҚО Түркістан ауданына қарасты Майдантал ауылдық округінде орналасқан Жасажырық қорымында жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижелері. В Материалы международной научно-практической конференции «III международные Фарабиевские чтения» «Приоритеты независимости и национальная идея «Мәңгілік ел» (с. 94–99). Алматы.

Акишев, К. А., & Кушаев, Г. А. (1963). Древняя культура саков и усуней долины реки Или. Алма-Ата.

Байтенов, М. С. (1985). В мире редких растений. Алма-Ата.

Бессчетнов, П. П., & Мальцев, С. Н. (1981). Редкие и ценные растения Казахстана (деревья и кустарники). Алма-Ата: Кайнар.

Бессонов, А. И., Давыдов, Л. К., Мошкин, М. Т., Сергеева, Е. И., & Шнитников, В. Н. (1925). Джетысу (Семиречье), Естественно-историческое описание края (Под ред. и с предисловием В. Н. Шнитникова). Ташкент: Узбекское государственное издательство.

Бессчетнов, П. П., Мальцев, С. Н., & Алиев, Ш. Ж. (1976). По лесам Казахстана. Алма-Ата: Казахстан.

Валиханов, Ч. Ч. (1986). Избранные произведения (Отв. ред. и предисловие А. Х. Маргулана). Москва: Наука.

Ерофеева, И. В. (2017). Буддийские монастыри ойратов в Семиречье (середина XVII – середина XIX в.). В *Mongolica-XVIII: Сборник научных статей по монголоведению, посвященный 70-летию юбилею Лидии Григорьевны Скородумовой* (с. 106). Санкт-Петербург: Петербургское Востоковедение.

Жандабиев, М. Ж. (1978). Природа Заилийского Алатау. Алма-Ата.

Отчет о научно-исследовательской работе за 2013 г. (2013). Научно-вспомогательный фонд заповедника-музея «Иссык».

Архив Института археологии им. А. Х. Маргулана МОН РК. (2006). Отчет Тургенского отряда АРАЭ за 2006 г.

Северцев, Н. А. (1947). Путешествия по Туркестанскому краю (2-е изд., сокр.; Под ред. и со вступ. статьей Р. Л. Золотницкой). Москва: Государственное издательство географической литературы.

References

Ageeva E.I. (1961). K voprosu o tipakh drevnikh pogrebeniy Alma-Atinskoy oblasti // *Novyye materialy po arkheologii i etnografii Kazakhstana. Trudy IIAE. T.12. Alma-Ata, 1961. – 194 p.*

Aitkyl Kh.A. (2016). QR Memlekettik ortalıq mwzeyiniñ 2013 jılı OQO Türkistan awdanına qarastı Maydantal awıldıq okıwında ornalasqan Jasajırq qorımında жүргizilgen qazba jumıstarıniñ nätijeleri // *Materialy mezhdunarodnoy nauchno-prakticheskoy konferentsii «III mezhdunarodnyye Farabiyevskiyechteniya», «Priority nezavisimosti i natsional'naya ideya «Məngilik yel».* 8 aprelya 2016 g. Almaty, 2016. 94-99 pp.

Akischev K.A., Kushaev G.A. (1963). *Drevnyaya kul'tura sakov i usuney doliny reki Ili. Alma-Ata: 1963. 320 p.*

Baitenov M.S. (1985). *V mire redkikh rasteniy. Alma-ata. 1985. 176 p.*; Besschetnov P.P., Mal'tsev S.N. (1981). *Redkiye i tsennyye rasteniya Kazakhstana (derevy'a i kustarniki). – Alma-Ata: Kaynar, 1981. – 223 p.*

Bessonov A.I., Davydov L.K., Moshkin M.T., Sergeeva E.I., Shnitnikov V.N. (1925). *Dzhetysu (Semirech'ye), Yestestvenno-istoricheskoye opisaniye kraya / Pod red. i s predisl. V.N. Shnitnikova – Tashkent: Uzb. gos. izd. 1925. 236 p.*

Besschetnov P.P., Maltsev S.N., Aliev Sh.Zh. (1976). *Po lesam Kazakhstana. Alma-Ata, «Kazakhstan», 1976. 144 p.*

Valikhanov Ch.Ch. (1986). *Tañdalğan shyğarmalar / otv.red. jáne alǵy sóz. A. H. Marǵulan; Qazksr Ğylym akademiasy, Tarih, arheologia jáne etnografia ğylymdary. Sh. Sh. Ýálhanov. – Máskeý: Ğylym, 1986. – 413 p.*

Erofeeva I.V. (2017). *Jetisýdaǵy orıttardıń Býdda monastırlary (XVII ǵasyrdıń ortasy-HII ǵasyrdıń ortasy) // Mongolica-XVIII: mońǵoltanı boyınsha ǵylymı maqalalar jınaǵy reseelik mońǵol ǵalymy, pedagog, diplomat Lidia Grigorevna Skorodýmovanyń 70 jylıdyq mereitoına arnalǵan / redaksia alqasynıń tóraǵasy I.v. Kýlganek. Sankt-Peterbýrg. Sankt-Peterbýrg Shyǵystanı, 2017. – 106 p.*

Jandabiev M. J. *Ile Alataıynıń Tabıǵaty. A-Ah, 1978, 159 p.: Ile.; 20 sm.*

2013 jylǵy ǵylymı-zertteı jumysy týraly esep. (2013). // “Esik” qoryq-mýzeiniń ǵylymı-kómekshi qory.

Aras Túrgen otrádyń 2006 jylǵy esebi. (2006). // *Arheologia instıtýtynıń muraǵaty. A.H. Marǵulan QR BGM.*

Seversev N.A. (1947). *Türkistan ólkesi boyınsha saıahattar / red.jáne S kirispesi. R. L. Zolotniskaranyń maqalasy. – 2-shi basylım., sokr. – Máskeý: memlekettik basylım geogr. Jaryq., 1947 (16 tıp. “Polıgrafkitaby”). – 304 p.*

Авторлар туралы мәлімет:

Айтқұл Хамит Амантайұлы – «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының ғалым хатшысы

Мухтарова Гулмира Райыловна – «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының директоры

Сведения об авторах:

Айтқұл Хамит Амантайұлы – Ученый секретарь Государственного историко-культурного музея-заповедника «Есік»

Мухтарова Гулмира Райыловна – Директор Государственного историко-культурного музея-заповедника «Есік»

Information about authors:

Aitkyl Khamit Amantaiuly – Scientific Secretary State Historical and Cultural Reserve-Museum “Issyk”

Mukhtarova Gulmira Raiylovna – Director State Historical and Cultural Reserve-Museum “Issyk”

Поступила: 25.09.2024

Принята: 30.11.2024